[illegible] бекітемін
[illegible] хамбетова Ж.В
[illegible] Арайлым»
2022ж

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022-2023 оқу жылына музыка іс әрекетіне арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Музыка жетекшісі:** Аманкелди Кадиргуль

2022-2023ж

**Білім беру ұйымы:** МКҚК «Арайлым» бөбекжайы
**Топ:** «Балапан» кіші тобы
**Балалардың жасы:** 2-3 жас
**Жоспардың құрылу кезені:** 2022-2023 оқу жылы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қыркүйек | Музыка | Музыка тыңдау:<br>1) музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру;<br>Ән айту:<br>2)ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту, аспаптардың шығаратын және ересектің ән айтуына келтіріп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалыптастыру;<br>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>1) музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау; |
| Қазан | Музыка | Музыка тыңдау:<br>1) әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу.<br>Ән айту:<br>2)әнді жеке және топпен айту.<br>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>1) музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. |

| | | |
|---|---|---|
| Қараша | Музыка | Музыка тыңдау:<br>Әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу.<br>Ән айту:<br>Әуенді интонациямен және ырғақты<br>дұрыс жеткізу.<br>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтауға үйрету. |
| Желтоқсан | Музыка | Музыка тыңдау:<br>Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру.<br>Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау.<br>Ән айту:<br>Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. |
| Қаңтар | Музыка | Музыка тыңдау:<br>Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың<br>(барабан, бубен, сылдырмақ және т.б.),<br>оның ішінде қазақ халқының ұлттық аспаптарының<br>(асатаяк, сырнай және т.б.)<br>дыбыстарымен таныстыру. |

| | | |
|---|---|---|
| Ақпан | Музыка | Музыкалық-ырғақтық қимылдар<br>Музыканың сүйемелдеуімен топпен<br>және шеңбер бойынша қол ұстасып<br>жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру.<br>Қарапайым би қимылдарын орындау:<br>қолдың білектерін айналдыру,<br>шапалақтау және аяқты тарсылдату,<br>жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу;<br>денені оңға, солға бұру,<br>басты оңға, солға ию,<br>қолдарды сермеу және т.б. |
| Наурыз | Музыка | Музыкалық-ырғақтық қимылдар<br>Денені оңға, солға бұру, басты оңға,<br>солға ию, қолдарды сермеу және т.б.<br>Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын<br>ойындарда көрсету<br>(қанатын жайып ұшқан құстар және т.б.),<br>ойындар мен әндерді сахналау. |
| Сәуір | Музыка | Музыкалық-ырғақтық қимылдар<br>Қимылдарды заттармен:<br>бубенмен, сылдырмақпен және т.б. орындау.<br>Сюжетті музыкалық ойындарда<br>музыканың сипатына сәйкес<br>кейіпкерлердің қимылдарын көрсету<br>арқылы ойынның бір эпизодынан<br>келесіге өту және қимылдарды бере білу. |
| Мамыр | Музыка | Музыкалық-ырғақтық қимылдар<br>Қимылдарды заттармен:<br>бубенмен, сылдырмақпен және т.б. орындау.<br>Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың<br>сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын<br>көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан<br>келесіге өту және қимылдарды бере білу.<br><br>Өткенді қайталау. |

**Білім беру ұйымы:** МКҚК «Арайлым» бөбекжайы
**Топ:** «Қонжық» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы:** 3-4 жас
**Жоспардың құрылу кезені:** 2022-2023 оқу жылы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қыркүйек | Музыка | Музыка тыңдау.<br>түрлі сипаттағы әндердің мазмұны<br>мен көңіл күйін қабылдау;<br>Ән айту.<br>Дыбыстаудың бірыңғай күшімен<br>бірдей қарқында ән салу, ересектермен<br>бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі<br>даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. |
| Қазан | Музыка | Музыка тыңдау.<br>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.<br>Ән айту.<br>Сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).<br>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. |
| Қараша | Музыка | Музыка тыңдау.<br>Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.<br>Ән айту.<br>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны |

| | | |
|---|---|---|
| | | мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. |
| Желтоқсан | Музыка | Музыка тыңдау.<br>Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.<br>Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу.<br>Ән айту.<br>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. |
| Қаңтар | Музыка | Музыка тыңдау.<br>Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.<br>Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді және т.б.) байқауға үйрету.<br>Ән айту.<br>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. |

| | | |
|---|---|---|
| Ақпан | Музыка | Музыка тыңдау.<br>Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.<br>Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді және т.б.) байқауға үйрету.<br>Ән айту.<br>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. |
| Наурыз | Музыка | Музыка тыңдау.<br>Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.<br>Ән айту.<br>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау, бубен, сылдырмақ және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.<br>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. |

| | | |
|---|---|---|
| Сәуір | Музыка | Музыка тыңдау.<br>Музыкалық және шулы ойыншықтардың, балалар аспаптарының дыбысталуын ажырату, оларды атау, қарапайым ырғақпен соғуды үйрету.<br>Әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды.<br>Сөздерді дұрыс және анық айту, әннің сипатын береді (көңілді, мұңды, ойнақы, әуенді);<br>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау, бубен, сылдырмақ және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.<br>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. |
| Мамыр | Музыка | Музыка тыңдау.<br>Музыкалық және шулы ойыншықтардың, балалар аспаптарының дыбысталуын ажырату, оларды атау, қарапайым ырғақпен соғуды үйрету.<br>Әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды.<br>Сөздерді дұрыс және анық айту, әннің сипатын береді (көңілді, мұңды, ойнақы, әуенді);<br>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау, бубен, сылдырмақ және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.<br>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.<br><br>Өткенді қайталау. |

**Білім беру ұйымы:** МКҚК «Арайлым» бөбекжайы
**Топ:** «бәйтерек» ересек тобы
**Балалардың жасы:** 4-5 жас
**Жоспардың құрылу кезені:** 2022-2023 оқу жылы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қыркүйек | Музыка | Музыка тыңдау.<br>Әртүрлі сипаттағы, қарқындағы музыканы қабылдау, музыкаға деген өзіндік қатынасын, ол туралы пікірін айту;<br>Ән айту.<br>-әртүрлі сипаттағы әндерді қабылдау, әуенді дұрыс, нақты интонациялау, сөздерді дәл айту дағдыларын қалыптастыру;<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.<br>-би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру;<br>Билер.<br>Ойындар, хороводтар. |
| Қазан | Музыка | Музыка тыңдау.<br>Музыканың сипатын сезінуге үйрету,<br>таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу,<br>музыкалық шығарманың мәнерлі<br>құралдарын байқауға үйрету<br>(ақырын, қатты, баяу, жылдам).<br>Ән айту.<br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету,<br>әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру<br>(ре-си бірінші октава шегінде).<br>Билер.<br>Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау. |

| | | |
|---|---|---|
| Қараша | Музыка | Музыка тыңдау.<br>Жоғары дыбыстарды ажырату<br>(секста, септима шегінде жоғары, төмен),<br>әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу,<br>қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату.<br>Ән айту.<br>Қысқа музыкалық фразалар арасында<br>тыныс алуды дамыту.<br>Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.<br>Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу. |
| Желтоқсан | Музыка | Музыкалық-ырғақты қимылдар<br>Би қимылдарын, ойындағы<br>музыкалық қимылдарды орындауға<br>қызығушылық тудыру,<br>марш сипатын ырғақты жүріспен беру,<br>музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру.<br>Билер<br>Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату,<br>кіріспеден кейін қимылдарды бастау. |
| Қаңтар | Музыка | Музыкалық-ырғақты қимылдар<br>Музыканың ырғағын нақты бере отырып,<br>қос аяқпен еркін және жеңіл секіру,<br>қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту.<br>Билер<br>Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.<br>Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау. |

| | | |
|---|---|---|
| Ақпан | Музыка | Музыкалық-ырғақты қимылдар<br>Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді<br>сахналауға баулу,<br>музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.<br>Билер<br>Билерде ойындағы музыкалық<br>қимылдарды қолдану,<br>музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту,<br>шапшаңдық пен ептілік таныту. |
| Наурыз | Музыка | Балалар музыкалық аспаптарында ойнау<br>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен,<br>асатаяқ, домбыра, сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау.<br>Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.<br>Билер<br>Музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.<br>Қазақтың ұлттық би өнерімен<br>таныстыру.<br>«Қамажай» биін үйрету. |
| Сәуір | Музыка | Музыкалық-ырғақты қимылдар<br>Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру.<br>Билер<br>Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану. |

| | | |
|---|---|---|
| Мамыр | Музыка | Ән айту<br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу.<br>Билер<br>Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету.<br><br>Өткенді қайталау. |

**Білім беру ұйымы:** МКҚК «Арайлым» бөбекжайы
**Топ:** «Жұлдыз» мектеп алды даярлық тобы
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезені:** 2022-2023 оқу жылы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қыркүйек | Музыка | Музыка тыңдау.<br>Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.<br>Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.<br>Ән айту.<br>Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.<br>Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; |
| Қазан | Музыка | Музыка тыңдау.<br>Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.<br>Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру.<br>Ән айту.<br>Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту.<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.<br>Марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. |

| | | |
|---|---|---|
| Қараша | Музыка | Музыка тыңдау.<br>Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.<br>Ән айту.<br>Ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту.<br>Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту.<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.<br>Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. |
| Желтоқсан | Музыка | Музыка тыңдау.<br>Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазы, Қорқыт, Тәттімбет, Дина Нұрпейісова, Дәулеткерей Шығайұлы, Ықылас Дүкенұлы шығармаларымен таныстыру.<br>Ән айту.<br>Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу.<br>Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>Билер<br>Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту. |

| | | |
|---|---|---|
| Қаңтар | Музыка | Музыка тыңдау.<br>Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.<br>Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.<br>Билер<br>Қазақ халқының би өнерімен таныстыру,<br>қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға «Қаражорға» биін билету. |
| Ақпан | Музыка | Би шығармашылығы.<br>Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.<br>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау<br>Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету,<br>балалар шығармашылығын дамыту,<br>оларды белсенділікке, дербестікке баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| Наурыз | Музыка | Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау<br>Музыкалық (дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыбызғы,<br>домбыра, металлофон, ксилофон, бубен, барабан, маракас, румба және т.б.)<br>және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру. |
| Сәуір | Музыка | Музыка тыңдау.<br>Қазақ халық аспаптары:<br>домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен,<br>күйші-композиторлар: Құрманғазы, Қорқыт, Тәттімбет, Дина Нұрпейісова, Дәулеткерей Шығайұлы, Ықылас Дүкенұлы шығармаларымен таныстыру.<br>Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу. |
| Мамыр | Музыка | Музыка тыңдау.<br>Қазақ халық аспаптары:<br>домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен,<br>күйші-композиторлар: Құрманғазы, Қорқыт, Тәттімбет, Дина Нұрпейісова, Дәулеткерей Шығайұлы, Ықылас Дүкенұлы шығармаларымен таныстыру.<br>Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.<br><br>Өткенді қайталау. |